

**"Еуразиялық банк" АҚ:  
"Екпе алып, шетелге сапарла!" акциясын өткізу шарттары**

**1. Жалпы ережелер**

1.1. "Екпе алып, шетелге сапарла!" акциясын (бұдан әрі -Акция) ұйымдастырушы -"Евразиялық банк" АҚ (бұдан әрі -Банк).

Бұл акция Қаржы қадағалау агенттігі мен "Атамекен" Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының бастамасымен банк клиенттері арасында жалпы ақпараттық науқан аясында өткізіледі. Науқанның мақсаты - ҚР азаматтарының денсаулығына қамқорлық жасай отырып, елде COVID-ке қарсы ұжымдық иммунитетті жедел қалыптастыру мақсатында банк клиенттерін екпе салуға ынталандыру.

1.2. Акцияны өткізу кезеңі: 2021 жылғы 11 қазаннан 5 желтоқсанға дейін.

1.3. Акцияға қатысушылар: Акцияны өткізу кезеңінде 100 (жүз) теңгеден кем емес сомаға кез келген карта бойынша қолма-қол ақшасыз операциялар (сатып алулар) жүргізген, сондай-ақ екпе алған және 2021 жылғы 11 қазан мен 5 желтоқсан аралығында екпе паспортын алған Қазақстан Республикасының азаматтары, атап айтқанда Банктің барлық карточкаларының (Банк өнімі, бұдан әрі -карта) ұстаушылары.

1.4. Осы Акцияны өткізу шарттары (бұдан әрі — Шарттар) Акцияны өткізу, Акцияға қатысу, Акция жеңімпаздарын анықтау тәртібін, сондай-ақ жүлделерді тапсыру тәртібін айқындайды. Осы ережелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейді.

1.5. Жарнамалық Акцияны өткізу аумағы шектелмейді, Еуразиялық банктің екпе салдырған және екпе паспортын алған клиенттері (кредиттік, депозиттік немесе карточкалық өнімдері бойынша) ғана қатысады.

**2. Жүлде қоры**

2.1. Акцияның жүлде қоры Банк қаражаты есебінен құралады және тек Акцияның жүлде қорын сатып алу үшін пайдаланылады.

2.2. Акцияның жүлде қоры:

Бас жүлде —500 000 теңгеге шетелге 2 жолдама (Екі клиент өздерімен бірге серіктерін алып жүре алады).

Ынталандыру сыйлықтары:

Скандинавиялық жүріске арналған таяқтар -2 дана.

Көгалдағы сейілге арналған жинақ -2 дана.

Ұйықтауға арналған қаптар - 2 дана.

Шатырлар (екі адамдық) — 2 дана.

барлық салықтарын қоса алғанда, жалпы сомасы 1 426 000 (бір миллион төрт жүз жиырма алты мың) теңгеден аспайды.

2.3. Жүлделер ұтысқа бір рет қана - 2021 жылғы 07 желтоқсаннан кешіктірмей шығарылады (11.10.2021 – 05.12.2021 аралығында екпе паспортын алған клиенттер қатысады);

Жеңімпаздар туралы ақпарат Еуразиялық банктің әлеуметтік желілердегі ресми аккаунттарында жарияланады.

2.3. Банктің жүлде қоры ақшалай баламамен берілмейді.

2.4. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, жүлде қорын алу құқығы басқа тұлғаға берілмейді.

### **3. Жарнамалық Акция туралы ақпарат**

3.1. Осы Акция туралы ақпарат:

- ✓ банктің eubank.kz сайтында орналастыру;
- ✓ БАҚ арқылы;
- ✓ банктің әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында орналастыру арқылы таратылады.

### **4. Жарнамалық акцияға қатысу қағидалары**

4.1. Акцияны өткізу кезеңінде 100 (жүз) теңгеден кем емес сомаға кез келген карта бойынша қолма-қол ақшасыз операциялар (сатып алу) жүргізген, сондай-ақ екпе алған және 2021 жылғы 11 қазан мен 5 желтоқсан аралығында екпе паспортын алған Банктің барлық карточкаларының ұстаушылары ғана.

4.2. Акция жарияланған сәтте Банк карточкаларының ұстаушылары болып табылмайтын азаматтар қатысу үшін:

- ✓ кез келген бөлімшеде немесе eubank.kz сайтында карта шығаруға өтінім беруі;
- ✓ қоса берілген нұсқаулықты пайдалана отырып, картаны алуы және белсендіруі;
- ✓ Акцияны өткізу кезеңінде карта бойынша 100 (жүз) теңгеден кем емес сомаға кемінде 1 рет сауда жасауы;
- ✓ 2021 жылғы 11 қазан мен 5 желтоқсан аралығында екпе мен екпе паспортын алуы тиіс.

4.3. Ұтыс ойынына қатысу үшін клиент eubank.kz сайтына өтіп, онда өзінің жеке куәлігінің, сондай-ақ ҚР әрбір азаматына берілетін жеке серия нөмірі көрсетілген екпе паспортының сканерленген көшірмелерін жүктеуі тиіс.

4.4. Акцияға қатыспайтындар:

- Банк қызметкерлері және олардың отбасы мүшелері және жақын туыстары;
- Қазақстан Республикасының бейрезиденттері;
- Акцияға қатысқан кезінде 18 жасқа толмаған адамдар;
- **"Екпе алып, шетелге сапарла!"** акциясының шарттарына сәйкес келмейтін клиенттер;

#### 4.5. Акцияға қатыспайтын транзакциялар:

- қолма-қол қаражатты шешіп алу/толтыру;
- бюджетке төлемдер аудару, айыппұл санкцияларын, кедендік төлемдерді төлеу;
- кредит төлеу;
- депозит толтыру;
- карта бойынша аударым операциялары;
- банкоматтар арқылы қызметтерге ақы төлеу;
- Банктің интернет-банкингіндегі төлем;
- казиноға төлем жасау;
- коммуналдық қызметтерге ақы төлеу;
- электрондық әмиянды толтыру;
- электрондық ақшаны сатып алу.

4.6. Қатысушы сауалнамада көрсетілген деректері (ЖСН нөмірі, ұялы телефон нөмірі, ТАӘ) үшін дербес жауаптылықта болады.

4.7. Акция жеңімпаздарының жүлде қорына ие болуы оларды Банк алдындағы міндеттемелерінен босатпайды.

## 5. Ұтыс ойынын өткізу тәртібі

5.1. Акция бойынша жүлде қорының ұтыс ойыны осы Шарттардың 2.2-тармағында көрсетілген мерзімде жабық режимде өткізіледі, оған Акция қатысушылары жіберілмейді.

5.2. Акцияға қатысушылар арасында ұтыс ойынын өткізу үшін Банк кемінде 3 (үш) мүшеден тұратын комиссияны құрады.

5.3. Комиссия мүшелерінің атқаратын міндеттері:

- ✓ Акция жүлде қорының ұтыс ойынын өткізу;
- ✓ жеңімпаздарды көрсете отырып, тиісті хаттамаға қол қою арқылы Акцияға қатысушылар арасында өткен ұтыс ойынының нәтижелерін растау.

5.4. Акция қатысушылары арасындағы ұтыс ойыны Акцияны өткізу кезеңінде eubank.kz сайтында тіркелген екпе паспортының бірегей сериясын кездейсоқ анықтау қағидатына негізделіп, кездейсоқ сандарды генерациялау әдісімен және Комиссия мүшелерінің қатысуымен өткізіледі.

5.5. Кездейсоқ сандар генерациясы экранда тіркелетін және Қатысушылар арасында Акция жеңімпазын анықтайтын екпе паспортының сериясын таңдайды.

5.6. Ұтыс ойыны аяқталғаннан кейін комиссия мүшелері клиенттің ұтысқа ие болған сериясын тіркейді.

5.7. Ұтысты өткізу нәтижелерін комиссия ұтыс қорытындысының тиісті хаттамасына енгізеді және оған комиссияның барлық мүшелері қол қояды.

5.8. Ұтыс нәтижелері Банктің әлеуметтік желілердегі ресми аккаунттарында жарияланады.

5.9. Өткізілген ұтыс ойындарының нәтижелері түпкілікті болып табылады және қайта қаралмайды.

## **6. Жүлде қорын алу тәртібі мен мерзімдері**

6.1. Акцияның әрбір қатысушысы Банктің әлеуметтік желілердегі аккаунттарында жарияланатын ұтыс қорытындыларымен өз бетінше таныса алады.

6.2. Акцияның жүлде қорына деген меншік құқығы жүлдені қабылдау актісі (№1.1 қосымша) бойынша жүлдені беру сәтінде жеңімпаздарға өтеді.

6.3. Жеңімпаз жарнамалық акцияның жүлде қорынан бас тартқан жағдайда жеңімпаз Жүлдеден бас тарту туралы актіні (№1.2 қосымша) толтырады.

6.4. Жүлде қорын табыстау Қазақстан Республикасының аумағында ғана жүзеге асырылады.

## **7. Қорытынды ережелер**

7.1. Акцияға қатысу фактісі Қатысушының осы Шарттармен толық келісетіндігін растайды.

7.2. Банк жеңімпаздардың есімдері мен фотосуреттерін жарнамалық мақсаттарда пайдалану құқығын, жүлделерді беру рәсімін өзгерту және науқан туралы қосымша ақпаратты жариялау құқығын өзіне қалдырады.

7.3. Банк кез келген сәтте алдын ала ескертусіз және себептерін түсіндірмей осы Шарттарды бұзатын, соның ішінде:

- ✓ Акция қорытындыларын бұрмалауға бағытталған іс-әрекеттерге баратын;
- ✓ Банк алаяқтық, алдау немесе Банк пен Акцияға қатысушылар үшін қолайсыз салдарларға әкеп соқтырған немесе әкеп соғуы мүмкін өзге де айла-шарғылар деп бағалайтын іс-әрекеттерді жасайтын;
- ✓ Банктің, Акцияға қатысушылардың атына қорлайтын пікірлер мен намысқа тиетін сөздер айтатын, Акция туралы шындыққа жанаспайтын мәліметтер тарататын адамдардың Акцияға қатысу мүмкіндігін бұзаттау құқығын өзіне қалдырады.

7.4. Акция өткізуді ұйымдастыруға байланысты шағымдарды [press@eubank.kz](mailto:press@eubank.kz) мекенжайына жіберуге болады. Банк келіп түскен шағымдар бойынша оларды алғаннан кейін күнтізбелік 30 күннен кешіктірмей шешім шығарады.

7.5. Банк кез келген уақытта Акцияның күшін жою немесе ұзарту, сондай-ақ осы Шарттарды өзі дұрыс деп санайтындай етіп өзгерту құқығын өзіне қалдырады. Банк Акция шарттарының өзгергені туралы ақпаратты қатысушылардың назарына уақтылы жеткізеді.